**«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша салыстырма кесте**

| Р/с № | Құрылымдық бөлігі | Заңнамалық актінің редакциясы | Жобаның редакциясы | Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы | Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі | Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1-БАП** | | | | | | |
| 1. | 1-баптың 1) тармақшасы<br><br>*Конституциялық Заңның 89-бабының 4-тармағы* | **89-бап. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды тіркеу**<br>…<br>4. Тіркеуге бір саяси партиядан оған саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санының отыз процентінен аспайтын адамдар саны енгізілген бір ғана тізім жіберіледі.<br>... | 1) 89-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:<br>«Партиялық тізімде **жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың және әйелдердің** саны оған енгізілетін адамдардың жалпы санының кемінде отыз процентін құрауы тиіс.»; | 1) 89-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:<br>«Партиялық тізімде **әйелдер мен жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың** саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.»; | **Депутаттар Козлов Е.А. Имашева С.В. Әлімжанов Н.Б. Еспаева Д.М. Қайназаров У.А. Коңыров А.О. Сейдуманов С.Т. Сұлтанов Қ.С.**<br><br>Редакциясын нақтылау. | **Қабылданды** |
| 2. | 1-баптың 2) тармақшасы | **104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың** | 2) 104-баптың 4-тармағы **«бір саяси партиядан»** деген сөздерден кейін | 2) 104-баптың 4-тармағы «жол беріледі» деген сөздерден кейін «, онда **әйелдер мен** | **Депутаттар Козлов Е.А. Имашева С.В. Әлімжанов Н.Б.** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Конституция-лық Заңның 104-бабының 4-тармағы* | **партиялық тізімдерін тіркеу**<br>…<br>4. Аумақтық сайлау округі бойынша **бір саяси партиядан бір ғана тізімді** тіркеуге жол беріледі.<br>… | «жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың және әйелдердің саны оған енгізілетін адамдардың жалпы санының кемінде отыз процентін құрауы тиіс» деген сөздермен толықтырылсын. | **жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың** саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс» деген сөздермен толықтырылсын. | **Еспаева Д.М.**<br>**Қайназаров У.А.**<br>**Коңыров А.О.**<br>**Сейдуманов С.Т.**<br>**Сұлтанов Қ.С.**<br><br>Редакциясын нақтылау. | |

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының нормаларына сәйкес келтірілсін.

**Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы** **Н. Әбдіров**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ АППАРАТЫ ҚҰЖАТТАМАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІ

Дұрыс: құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі
[signature] Н. Шалғынбаева